

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
Министрлігі

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті



Министерство образования
и науки Республики
Казахстан

Костанайский
государственный
университет имени
Ахмета Байтурсынова

Байтұрсынов оқулары

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ

Байтурсыновские ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

Baitursynov readings

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND RESEARCH CONFERENCE
CONTENT



2-нші бөлім

Сәуір, 2016

ӘБСАДЫҚОВ А.А. МИННЕГУЛОВ Х.Ю.	ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР.....	223
ЕШКИНА Д.Ю.	ПРОЕКТИРОВАНИЕ БЛОГ-САЙТА УЧИТЕЛЯ КАК СРЕДСТВО СОЗДАНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ДЛЯ УЧИТЕЛЕЙ, УЧАЩИХСЯ И РОДИТЕЛЕЙ.....	225
КНАМЗИН О.Т.	BORROWED WORDS IN THE ENGLISH LANGUAGE.....	229
ПИГОРЕВА О.В.	РЕАЛИЗАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ ПО ИЗУЧЕНИЮ ТРАДИЦИОННОЙ РЕЛИГИОЗНОЙ КУЛЬТУРЫ В ПРОВИНЦИЯХ ЦЕНТРА РОССИИ НА РУБЕЖЕ XX–XXI ВЕКОВ.....	231
САМЕТОВА Г.С.	К ВОПРОСУ ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ГРАДОФОРМИРОВАНИЯ ВОЕННЫХ КРЕПОСТЕЙ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В XVIII – НАЧ. XIX ВВ.....	235
СОКОВА О.Т. СМАИЛОВА Г.Т.	ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ БИОЛОГИИ.....	239
ЧАУКЕРОВА Г.К.	ЭКСТРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ В ТЕОРИИ НОМИНАЦИИ.....	242
ШАМАТОВА Б.А.	СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУҒА ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	245
АЛТЫБАЕВА А.Б.	ЖОО ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТТІ СТУДЕНТТЕРІНЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ.....	247

УДК 378.02:37.016

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ ТЕРМІНІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Шаматова Б.А. - Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Қостанай қ.

Мақалада мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістері мен құралдары қарастырылған. В
статье рассмотрены перспективные методы и средства в обучении казахскому языку

«Сабақ беру жай ғана шеберлік емес,
ол – жаңадан жаңаны табатын өнер»
Ж.Аймауытов

Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты.

"Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз" деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі жай айтылған жоқ. Осыдан бастап жас ұрпақ бойындағы іскерлік пен олардың қабілеттерін ашу туындайды. Себебі, қазіргі кезде әр адамның болашағы оның алған білімінің сапасы мен көлеміне қарай сарапқа салынады. Мына бейбіт заманда, көзсіз ерліктің орнын білім басып отыр. Өмір ағымына тек білімі мен білігі жоғары адамдар ғана ілесе алады. Сондықтан ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту оқу мекемелердің басты міндеті болып табылады. Бұл әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденіп-аздығы мен шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені болашақта бізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай білетін, әр түрлі жағдайларға қарай бейімделіп, шұғыл шешімдер қабылдай алатын, шығармашыл, белсенді тұлғалар ауадай қажет. Сондықтан оқытушы өз жұмысында алдындағы білім алушылардың санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, зерттеп, өзі де жұмысын өзгерте отырып, оны үйлестіре білуі қажет. Білім жүйесін тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Бұл білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

Сократ: «Біреуді бір нәрсеге иландырғың келсе, құр сөзбен уағыздама, одан да бірге әрекеттен. Дені сау бала өзінің өмір сүрген уақытындағы табиғат заңы, саясат заңы білімін онсыз да біледі. Енді оны ғылымға түсірту – мұғалімнің жұмысы» – деп ұстаздың бақылаушылық рөлін белгілеп береді. [1]

Қазіргі таңда оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Бұл жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде.

Қазіргі оқыту үрдісінде білім берудің тенденциялары мен даму бағыттарын қамтамасыз ететін 50 - ден астам педагогикалық технологиялар қолданыс табууда. Осы жаңа педагогикалық технологиялар ішінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының орны ерекше.

«Сыни ойлау» — бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба, оның тұтас құрылымы болғандықтан технологияға деген негіз бар.

Сын тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады.

Педагогика ғылымдарының кандидаты С. Бахишева сын тұрғысынан ойлауды былай түсіндіреді: «...бұл сынау деген сөз емес, одан да ауқымды терең, сыни ойлау оқушының қоршаған орта, ақпарат әлеміне, өзіне, өзінің іс-әрекетіне, өзінің дербес, интеллектуалдық оқытудан айырмашылығы – теориялық білімінің өте аздығы, оның есесіне өзіне тән сабақ құрылымы жасалған, әр кезеңге сай әдіс-тәсілдер, стратегиялар, яғни оқыту үшін мұғалімге нақты инструменттер берілген».

Сын тұрғыдан ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. [2] Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуы қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді.

Оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? – деген сұраққа американдық профессор Дэвид Клустер, сыни деп айтуға келмейтін құбылыстарға тоқтала келіп, сыни тұрғыда ойлауды

анықтайтын үш пунктін белгіледі:

- біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады;
- екіншіден, сыни терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін;
- үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан бастап, өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Бұл жөнінде шығыстың ғұламасы Аристотель «Ойлау таңдаудан басталады, табиғаттың ашылған құпиясы алдында шынайы таңырқау – ойдың күшті тасқынын тудыратын қуатты түрткі» – деген [3]

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше және зор.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы (бағдарламасы) – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. [4] Бұл жобаның негізі ретінде Ж.Пиже, Л.С.Выготскийдің теориялары басшылыққа алған.

Бұл технологияның мақсаты – барлық жастағы білім алушылар кез-келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Сын тұрғысынан ойлау – бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әр түрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамыту.

Жеке тұлға сын тұрғысынан ойлауды меңгеру үшін мынадай қасиеттері болуы шарт:

- жоспарлауға дайын болуы;
- бейімделгіштігі (басқалардың идеяларын қабылдай алуы);
- қайсарлығы (қиын тапсырмаларды кейінге қалдырмауы);
- жете түсінуі (өзінің және басқа топтастарының пікірін қадағалау);
- ымыралы келісімді іздеуі;
- коммуникативтілігі.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы шарт.

1. Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек.
2. Оқушыларға ойланып – толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
3. Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
4. Үйрену барысындағы білім алушылардың белсенді іс – әрекетін қолдау.
5. Кейбір білім алушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау.
6. Білім алушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
7. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Білім алушылар осы шараларға байланысты сенімділікпен жұмыс жасайды, бар ынтасымен оқуға беріледі, өзге пікірлерді тыңдап, құрметтейді, өз пікірін ашық білдіруге дағдыланады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы сабақ жүйесінде үш кезеңге бөлінеді.

Конфуций айтқан екен: «Танымның үш жолы бар: ең оңайы – еліктеу, ең ащысы – тәжірибе, ең мәртебелісі – ойлау», – деп. Сондай-ақ, сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы бойынша: бірінші кезең – тақырыпқа қызығушылықты ояту; екінші кезең – мағынаны ажырату; танып білу; үшінші кезең – ой толғану.

Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар. Бірақ бұлар бір-бірімен өзара өте тығыз байланыста болып келеді.

I. Қызығушылықтарын ояту.

Бұл кезеңде білім алушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әр түрлі әдіс – амалдары қарастырылады. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Білім алушы өз білетінің еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», Әлемді шарлау» «Миға шабуыл», «Зерделеу», «Лездеме», «Тірек сөздер», «Кластер» т.б. стратегиялар жинақталған. Осы аталып өткен стратегиялар арқылы білім алушыларды өтілетін сабаққа тарту, белсенділігі мен ынта-жігерін арттыру.

II. Мағынаны ажырату (тани білу).

Белсенді түрде оқу. Жаңалықпен танысу. Бұл кезеңді іске асыру үшін бірнеше әдіс – тәсілдер бар. Олар болжау кестесі, ойлан, жұптас, ортаға сал, білемін, білгім келеді, үйренгенім, сұрақ қоя білуді үйрету, өзара оқыту, топпен болжау, топпен зерттеу, т.б. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану бұл кезеңді ең тамаша кезеңге, яғни білім алушының өздігінен білім алу, өзін - өзі өзектілендіру, танымдық қабілеттерінің дамуы, шығармашылық іс – әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады. Бұл кезеңде білім алушылар «Көп деңгейлі сұрақ», «Түртіп алу жүйесі», «Бес

жолды өлең», «Негізгі идеяны суреттеу», «Кубизм», «Шығармалар кестесі», «Сөздер сөйлейді», «Қарама-қарсы элементтер», «Блумның сұрақ қою стратегиясы», «Логикалық тізбек» т.б. стратегиялар арқылы білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға өзірленеді.

!!! Ой толғаныс (рефлексия).

Оқуды қорытындылауы. Оқушы алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса, өздері дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды немесе «Эссе жазу», «Бес жолды өлең» тәсілдерін пайдаланады. Қазіргі оқыту үрдісінде оң әсерін көрсетіп жүрген әдістердің бірі – «Топқа бөліп шығармашылық тапсырмалар беру». Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Венн диаграммасы», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «Еркін жазу», «Білемін, білгім келеді, үйрендім», «Автор орындығы», «Эссе», «Пікірталас», «Зерделі сұрақ, дәлелді жауап», «Идеялар тақтасы» т.б. сияқты стратегиялар ер сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне лайықтыла қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін пайдалану мынадай жетістіктерге

қол жеткізуімізге тікелей ықпал жасайды:

- білім алушылардың сабаққа деген, білім алуға деген құлшынысын, қызығушылығын арттырады;

- білім алушыларға сабақты түсіндіру жұмыстары тиімді де оңайлық танытады;

- білім алушылардың өздігінен ойлау, шығармашылық жұмыстарды өздігінен орындауы, өз пікірін айта алу мен оны дәлелдей алу, басқа біреудің пікірін тыңдай алу, т.б. қажетті болған қасиеттері дами түседі;

- білім алушылар өз еңбектерінің нәтижесінде қол жеткізген тәжірибесі есінде берік сақталынады.

Мен өз тәжірибемде сын тұрғысынан ойлау модулін сабақтарымда кеңінен қолдануға тырысамын. Өйткені, білім алушылардың сөйлеу тілін дамытуда бұл модульдің берері зор. Сабақ кезінде білім алушы не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді, қайта қарап, өзгерістер, жаңалықтар енгізеді. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, білім алушының бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді, еркін дамуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасайды. Осыған байланысты оқыту мазмұнын, түрін, әдісін дұрыс таңдай білу өте қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі, №12, 2010.
2. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту //Білім-Образование.2006.-№2.
3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. Т.2. – М.: Педагогика, 1982.
4. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сыни ойлауды дамыту әдістері. №2 оқу құралы.–Алматы, 1998.

УДК 81'42:811.512.122

ЖОО ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТТІ СТУДЕНТТЕРІНЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Алтыбаева А.Б. – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы.

Мақалада көркем мәтіннің лингвистикалық талдау нысаны ретіндегі ерекшелігіне сипаттама берілген.

Негізгі сөздер: көркем мәтінді лингвистикалық талдау

Көркем әдебиет тілін, сонымен бірге көркем мәтін тілін зерттеудегі негізгі мақсат – көркем туындының бейнелі құрылымының өзіндік ерекшелігін ашу, көркем мазмұнды бейнелейтін тілдік құралдардың қызметін көрсету. Ал олардың алғышарттарына мыналар жатады:

- 1) көркем шығарманың мазмұн мен формасын (тілін) бірлікте алып зерттеу;
- 2) көркем шығарманың өзара және басқа компоненттерімен байланыс, қарым-қатынасын ескеру;
- 3) бейнеленетін мазмұнға автор қатынасын ескеру;
- 4) шығарманың жанрлық ерекшеліктерін ескеру;
- 5) ғылыми дамудың жаңа бағыт-бағдарларына сүйену т.б.